

Мектеп тарихы

Көптоғай жеті жылдық үлгі жобадағы мектеп салынғанға дейінгі, 1935-1936 жылдары 2-3 жылдай Қызылжар деп аталатын ауылдың қасындағы үлкендеу үйі бар Қожасай деген кісінің бір бөлмесінде екі мезгіл бала оқитын, бастауыш мектеп ретінде пайдаланған. Алғашқы жылдары бастауыш сыныпта Ізбасаров Бақытжан және 2-3 кісі ұстаздық еткен. 1938-1939-1940-1941 оқу жылдарында толық жеті жылдық мектепке айналған кезде, ұстаздар саны да көбейтіле бастады.

Ол кездегі жұмыстың бір ерекшелігі халық жауларын кездестіру бай, молда, мырзалардың бұйымдарының алыстау жылдары болып ерекшеленеді. Сондықтан ол кездегі ұстаздар да, мектеп басшылары да тез өзгертіліп, жиі-жиі ауыстырылып отырды. Көптоғай жеті жылдық мектебінің құрылысы 1936 жылдары басталып, 1938 жылы пайдалануға берілді. Ол кезде ондай жергілікті ірі құрылыс ауданда санаулы еді. 5-7 кластар үшін әдейі бөлек құрылыс, одан 4 сынып бөлмесі, кітапхана бөлмесі, пионер бөлмесі, мұғалімдер бөлмесі болды. Барлығы 8-бөлмеде тұрды. Ал бастауыш сыныптар үшін бөлек құрылыс салынды. Онда 5-сынып бөлмелері, мұғалімдер бөлмесі, директор бөлмесі, тамақ ішетін, тамақ дайындайтын әдейі зал мен бөлмелері

Ол кезде үлкен үзіліс кезінде оқушыларға тегін тары көже беретін еді. Әр оқушы үйінен көже ішу үшін тостаған – қасықтарын ала келетін еді. Көже дайындаушы, әрі үй күтуші болып Абдол және оның әйелі Ақбатша істеді. Соғысқа дейін көже үзіліссіз беріліп тұрады. Ауылға сән беретін үлкен құрлыстар көше болып, үлкен құрлыстар көше болып, бірге салынады. Мысалы; мұғалімдер тұру үшін екі ай салынады, нан пісіретін үй, клуб үйі, монша үйі, селолық дүкен қасында зат сақтайтын әдейі склад болады. Селолық совет кеңесі болады. Онда басқа селолық кеңсе төрағасы және оның хатшысы әдейі үйлер салынып берілді. Тамдыкөл ауылдық кеңесіне қарайтын алты совхоздың ең ірісі де осы. Көптоғай колхозы еді. Себебі біз жоғарыда айтқан сол заманда озық ірі құрлыстардан басқа да 20 шақты жеке үйлер болды, алыстан сыртынан қарағанда әдемі көп болып көрінетін, сондықтан да Көптоғай деп атаған. Халқының саны да басқа кіші колхоздарға қарағанда артықтау болды. Мектепте 7 сынып болды. Кейбір сыныптар екеуден болды.

«Көптоғай» жеті жылдық мектебінің алғашқы директоры болып Жаңбыров Қайырша, Рыспағанбетов Жолдығали жасаған, мұғалімдері Қуанов Ғазиз, Кейкен Нәренев Төлеген, Әбиев Жармұхан, Көбен, Құспанғазы Шаханов, Забиров Гарип кейін атақты заң қызметкері болып істеді. Нұғыманов Аққайдау т.б. Бұл оқушылар 1941-1942 жылдары түгелдей армия қатарына шақырылып, соғысқа атанғандарында да орындарына 7-8 бітірген қыз балалар ұстаздық ете бастады. 1942-1943 жылдан бастап соғыста жараланған ұстаздар елге оралып, бұрынғы ұстаздық міндеттерін жалғастыра бастады.

1943-1944 оқу жылында директор болып Сұлтанғалиев Ғұмар жасады. Ол кездегі оқушылар Баженова Айжамал, Орынбасарова Құрманша, Алынқашев Нұржауған, Зейнелла Өтегенов Дүйсен.

1946 жылы мектеп директоры болып Усин Дүйсен келді, ол кездегі мұғалімдер Нұғыманов Аққайдау, Қоғабаев Әбілқами, Бозжігітов Жекей, Тоқтабаев Сенғали, 1969 жылға дейін заң бойынша мұғалімдерді 2-3 жылда міндетті түрде орындары алмастырып отыратын.

1948 жылы Нұғыманов Аққайдау- Ботабай жеті жылдық мектебіне, 1949 жылы Тоқтабаев Сенғали Қарасу бастауыш мектебіне, Бозжігітов Жекей әйелі Ақырыспен Саралжын бастауыш мектебіне жіберілді. 1948-49 оқу жылында кеткен мұғалімдердің орнына Райхан Тақпанова Жамбыл облысынан жер аударылып келді деп жүруші еді. Ұлты татар Дүтпағамбетов Құттығай Ұлы Отан соғысы уақытында білім беру жұмысын тоқтату үшін соғысқа кеткен мұғалімдердің орнына 7-8сынып бітірген оқушыларды көптеп тарту. Соғыс аяқталған соң уақытша мұғалім болып жасап, уақыт ағымына ілеспей, білімін сырттай көтермеген кейбір мұғалімдерді жұмыстан босатты.

1950-1951жылдары «Көптоғай» жеті жылдық мектебіне Усин Дүйсен-директор, Қоғабаев Әбілқами –завуч, Орынбасарова Құрманша, Тоқтақанова Райхан, Дүтпағамбетов Құттығай т.б мұғалімдер жасады. Бұрынғы алты колхоздың ізінде бастауыш мектептерді бітіріп, 5-ші сыныпты оқуға Көптоғайға келді.

1952-1953 оқу жылдарында бұрынғы мектеп директоры Усин Дүйсен Алтықарасу орта мектебіне ауысты да, оның орнына Қоғабаев Әбілқами директор болды. Жаңадан келген мұғалімдер Мерғалиев Әділхан, Нұғыманова Ғалия, Шәуленов Салық, Ермұханов Жұмағазы т.б.

1950жылы ұсақ-ұсақ колхоздар бірігіп, ірі шаруашылыққа айналдырылған. Ел де еңсесін көтере бастады. Соғыс жылдарында оқи алмай қалған ұстаздар педагогикалық училищелерде, педагогикалық институттарда сырттай оқып бітіре бастады.

1954-1955оқу жылында жаңадан ашылған Амангелді жеті жылдық мектебіне директор болып ауысты да, онымен бірге сол мектепке Қоғабаев Әбілқами, Шауленов Салық ауыстырылды.

Нұғыманов Аққайдау 1954-55 жылдарда мектеп директоры болған. Көп жылдар оқу ісі жөніндегі орынбасар болған. 1966 жылдан бастап мұғалімдік қызметте жүрген.

Көптоғай жеті жылдық мектебіне директор болып 1955-56 жылдары Құрманалин Кәдір, оқу ісінің меңгерушісі болып, Ержанов Мінсізбай келді. Осы оқу жылында кеткен мұғалімдердің орнына Бөлекшурина Насиха, Әменкина Зәуре келді. 1955-1956 оқу жылында Ержанов Мінсізбай, Бөлекшурина Насиха Саралжын жеті жылдық

мектебіне ауыстырылды да, олардың орнына Шөжебаев Әбдікарім, Қосанова Бұлдай келді.

1956-1957 оқу жылында Меңгереева Райса, Әбдірахманова Несібелі ұстаздыққа келді. Бұл кездері үкіметте халық ағарту ісіне оң көзбен қарай бастаған кез еді. Үкімет қаулысы бойынша 10-15-20 жыл ұстаздық етсе, әр бес жыл салып марапатын алатын еді. Мектеп директоры Құрманалин Кәдір Еңбек қызыл ту орденімен марапатталса, Нұғыманов Әменкина Зәуре, Меңгереева Райса кетіп, оның орнына Смағұлов Мырзағали келді.

1959-1960 оқу жылында Балuanғалиев Ұлжан, Друсин Мұқай келді. Оның біреуі бастауыш кластар маманы, біреуі математика пәнінің мұғалімі. 1962-1963 оқу жылында қазақ тілі маманы Сатығалиев Хасен, тарих пәнінің мұғалімі Серғалиев Жолдай келді. 1962 жылдан бастап жеті жылдық мектеп сегіз жылдық мектепке ауыстырылды. 1962 жылы жаңа мектеп пайдалануға берілді. Сөйтіп 1937 жылы ұсақ колхоз кезіндегі мектеп 25-жыл пайдаланды. Мектепте сегіз класс комплектісі болды. Мектеп директоры Құрманалин Кәдір, мұғалімдері: Нұғыманов А, Сатығалиев Х, Шөжебаев Ә, Ермұханов Ж, Серғалиев Ж, Друсин М, Балuanғалиева М, Қосанова Б. 1963-1964 оқу жылында Нұртаев Х, Қитанов К, Бастов М мұғалім болып келді.

1964-1965 оқу жылында Ақтөбе педагогикалық училищесін қызыл дипломмен бітіріп, Нұғыманова Гүлжамал келді. Ол өз класымен бірге қосымша ән хор үйірмесін, пионер вожатый қызметін қоса атқарды. Соңғы бес жылда Ақтөбе педагогикалық училищесін бітіріп, бастауыш кластар үшін арнаулы біліммен, өнермен келген Қитанов К, Жармұханов Б, Нұғыманова Г, бастауыштар кластар білім мен тәрбие жұмысын өте жоғары деңгейде көтерді. Осы уақыттарда мектептегі бала саны артып, бұрынғыдай екі үш кластарын қосып, басқа пән мұғалімдері беріп келсе, енді әр бастауыш класты бөлек бір мұғалім оқытатын дәрежеге жетті. 1966-1967 жылдары Мұхияров Қайыржан мектеп директоры болған.

1967-1968 оқу жылдары Жакиев Сағидолла 6 ай, Сатығалиев Хасен 6 ай мектеп директоры болған. 1968-1969 оқу жылдарында Құрманов атындағы орта мектебі болады. Осы уақытта директор Тәженов Орақ болды. 1969-1972 жылы Есенғарин Сағын Құрманов атындағы орта мектебінің директор қызметін атқарған. 1972-1977 жылдарда Ержанов Мінсізбай Құрманов атындағы орта мектебінде директор болған.

1977-1987 жылдары Нұрлыбек Қалауов директорлық қызметін атқарған. 1985 жылы Көптоғай селосының орталығында 3 қатарлы зәулім мектеп үйі еңсесін көтерді. Бұл мектепті Ақтөбе медициналық институтының студенттері және халық түгел жұмылып, сол кездегі совхоз директоры Сариев Кемалдің басшылығымен 5 айдың ішінде іске қосып, пайдалануға берілді. Жаңа мектептің алғашқы бітірушілері 1985-1988 оқу жылындағы шәкірттері.

1987-1988 оқу жылында Құрманов орта мектебінің директорлығына 19 тамыз күні Нұғыманова Гүлжамал Аққайдауқызы сайлау арқылы тұрды. Сол кезде мектепте 73 мұғалім, 715 оқушы болды. Қазір мектепте 49 мұғалім, 515 оқушы бар. Мектеп 1993 жылдан бастап қазақы тәрбие «Ұлттық мектеп» атты авторлық бағдарламамен жұмыс жасады. 1987-2002 жылдар ұзақ жыл басшылық еткен.

Осы уақыттарда Жұмағазы Әлия физика пән мұғалімі – 1981 ж «ҚР Білім беру ісінің үздігі» значогімен марапатталған, «Жас ұстаздар» мектебін басқарған.

Ташимова Жаңыл Қошымқызы математика пән мұғалімі -1997 жылы 23 маусымда Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің «Құрмет грамотасымен», сол жылы «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталған.

Мағзымов Салауат- 1985-2000 жылдары Құрманов қазақ орта мектебінің жанындағы бюджеттік интернаттың меңгерушісі болды. Еңбектері ескеріліп, «Қазақстан Республикасының білім беру үздігі» значогімен, «Ы.Алтынсарин атындағы медальмен марапатталған», «Тәрбиеші -методист» атағын алған.

Нысанова Ақзираш бастауыш класс мұғалімі. 1971 жылы Құрманов орта мектепте пионер вожатый болып бастаған. Жұмыс жасап жүріп 1982 жылы Ақтөбе педагогикалық училищесін бітірген. Ұстаздық еңбегін еленіп, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталған.

Бектілеуова Қарлығаш 1973 жылдан- 2009 жылға дейін бастауыш кластан сабақ берді. 1991 жылы көп жылғы еңбегі және үздік көрсеткіші үшін «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі» белгісімен марапатталған.

Хамитова Рысбике математика пәні мұғалімі. Өртүрлі жарыстарға семинарға қатысып, жақсы жетістіктерге жеткен. 1995 жылы «Қазақстан республикасы Білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталған.

Мүсірова Гүлнар Хамитқызы-математика пәні мұғалімі. 1987-2000жылдар аралығында Құрманов қазақ орта мектебінің оқу тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары болған. 1999жылы Қазақстан республикасының «Білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталған.

Әлжанова Күлән- орыс тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі. 1994 жылы үлгілі мұғалімдік жұмысы үшін «Халық ағарту ісінің үздік қызметкері» атағы берілді.

2002-2004 оқу жылы аралығында Қыстаубаева Ақтоты мектеп директоры болды. Оқу орнын бітіргеннен кейін 1994-2000жылдар аралығында Ақтөбеде Құсайынов атындағы дарынды балалар мектебінде тарих пәнінен сабақ берген. 2000-2002 жылдары Жақсыбай негізгі мектебінде оқу ісінің меңгерушісі болған.

2004-2009 жылдар аралығында оқу жылдарында Ізбасаров Әбіт Мәмбетұлы Құрман мектеп-балабақшасының директоры болды. 1985-1986 жылы Құрманов атындағы

орта мектебінде мұғалім, 1986-1991 жылы Құрман колхозында комсомол хатшысы, 1991- 1994 жылы Амангелді с/совет хатшысы, 1994- 2002 жылы Көптоғай әкімі, 2002-2004 жылы Рай. статист. маман болған.

2009 жылдың 9-сәуірінде Құрман орта мектебіне директор Мұбараков Абат тағайындалды. 2000-2002жылы Теректі негізгі мектебінде мұғалім, 2002-2004жылы Ә. Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінде мұғалім, 2004-2007 жылы Теректі негізгі мектепте директор, 2007-2009 жылы Жамбыл мектеп- балабақшасында директор қызметін атқарған.

Кенғанова Маруа Бақытжанқызы 1955 жылы 22 сәуірде дүниеге келген. Н.Крупская атындағы орта мектепті 1972 жылы бітірген. 1976жылы Ақтөбе педагогикалық институтын математика мамандығы бойынша бітірген.Еңбек жолын аудан орталығындағы лицейден бастады.

1977 жылы Амангелді мектебінде 1978 жылдан бері Құрман орта мектеп бала бақшасында оқытушы болып жұмыс жасайды. 1980 жылдан бері еңбек пәнінен сабақ берді.

Жалпы еңбек өтілі 35 жыл.Біліктілік санаты жоғары.

Еңбек көрсеткіші жақсы дәрежеде, өзі сабақ беретін кластардың көрсеткіші үнемі 97 пайыздан кем болмайды. Сабақ өткізуде үнемі ізденіспен, жаңашылдықпен жұмыс жасайды. Өз білімін жетілдіріп отырады.

1981-2009 жылдар аралығында облыстық кадрлар біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтында технология пәні бойынша курстардан өтті. Қайта даярлау кезінде понарамалық сабақтарды бірнеше рет өткізді.Сабақты мейлінше түрлендіріп өткізеді. Әр сабағынан бір жаңалық алуға болады.

Республикалық әдістемелік журналдың 2004 жылғы нөміріне №6 мектептегі технологияда «Шашқап тігу» тақырыбына өз шығармашылығымен дайындаған сабағы шықты.

Қарылғаш 2006,2008,2010 жылдардағы оқушылары аудандық көрмелерге қатынасып 1-2 орын жеңіп алып,оқушылары Құрмет грамотасымен марапатталды.Өзі яғни мұғалімі де құрмет грамотасымен марапатталды.

Еңбек тәжірибесі аудан көлемінде таратылып жүр. 2008-2009 оқу жылында 8 класқа элективтік курс бағдарламасын құрып, сол бойынша жұмыс жасап келді.

Сатығали Айса Хасенұлы 1947 жылы 10 сәуірде Ойыл селосында дүниеге келді.

1964 жыл Ойыл қазақ орта мектебін бітіріп сол жылы Орал педагогикалық институттың математика факультетіне оқуға түсіп,1968 жылы бітіріп шықты.

Еңбек жолын Жамбыл сегіз жылдық мектебінде математика пәнінен сабақ беруден бастады.

1969 жыл Ойыл аудандық комсомол комитетінде ұйымдастыру бөлімінде меңгерушісі болып қызмет жасады.1970-1972 совет Армиясы қатарында болды.1973 жылдың тамыз айынан бастап құрман орта мектебінде,1973-1974 жылдары Амангелді сегіз жылдық мектебінде оқытушы болып жұмыс жасады.1974 жылы 8

қазанда қайтадан Құрман орта мектебіне ауысып. 1977-1985 жыл аралығында интернат меңгерушісі, кейін зейнеткерлікке шыққанға дейін осы мектепте оқытушы болып жұмыс жасады.

Тажигарина Дария Қасымқызы 1948 жылы 17 мамырда Ақтөбе қаласында дүниеге келген.

1966 жылы Ақтөбе қаласындағы №6 мектепті бітіріп. Ақтөбе пединститутының орыс тілі мен әдебиеті факультетіне оқуға түскен. Еңбек жолын 1973 жылы Амангелді сегіз жылдық мектебінде беруден бастаған. 1974 жылы Құрман орта мектебіне орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беруден бастап, зейнеткерлікке шыққанға дейін осы мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берді.

Көп жылдар мектептегі қыз балалардан құралған «Бойжеткен» секциясын басқарып келді.

Хамит Рысбике Хамитқызы 1951 жылы Шотай Қарасуы елді мекенінде дүниеге келген. 1958 жылы мектеп табалдырығын аттап 1 сыныпқа қабылданып. 1968 жылы Құрманов орта мектебін бітіріп шықты. Сол жылы Орал қаласындағы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институттың физика – математика факультетіне оқуға түскен. 1972 жылы математика мамандығы бойынша бітіріп, Құрманов орта мектебіне мұғалім болып орналасты. 32 жыл бойы осы мектепте математика пәнінен сабақ беріп және класс жетекшілік міндетті бірге атқарды. Әр түрлі сайыстарға, семинарларға қатынасып жақсы жетістіктерге жетіп жүрді. 1995 жылы «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталды. 2004 жылы зейнеткерлікке шығып, қазір құрметті демалыста.

Жиі Сабит Есіркепұлы 1960 жылы қыркүйек айының 1-інші жұлдызында Көптоғай ауылында дүниеге келген. 1985 жылы Орал педагогика институтын бітіріп, Құрман орта мектебінде, қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша мұғалімдік қызметін бастады.

1989 жылы аудан көлемінде тұңғыш қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын класс ашты.

1994 жылы ҚР Білім және Ғылым министрінің құрмет грамотасымен марапатталды. 1995 жылы Абайдың 150 жылдық мерей тойына арналған арналған, Алматы қаласында өткен «Абай тағылымы» атты Республикалық ғылыми практикалық конференцияға қатысып, баяндама жасап Білім министрінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды. 2000 жылы қазақ тілі мен әдебиетінен екінші рет тереңдетілген класс ашты. 2002 жылы М. Өтемісұлының туғанына 200 жыл толуына орай өткізілген «Махамбет оқулары» облыстық байқауында жүлдегер атанып, «Құрмет грамотасымен» марапатталды. 2018 жылы ҚР Білім және Ғылым министрінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды. 2021 жылы Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иесі атанды. Көп жылдық мұғалімдік еңбек жолында оқушы, шәкірттері бірнеше рет аудандық, облыстық, республикалық байқаулар мен олимпиадаларға қатысып жүлдегер атанды. Мектеп бітірген шәкірттері мұғалімдік жолды таңдап, бүгінгі күні Ақтөбе өңірінің таңдаулы ұстаздары 2002-2004 жылдары Құрман мектеп бала –

бақшасының директоры қызметін Қыстаубаева Актоты Турганбаевна атқарды. 2004-2009 жылдары Құрман мектеп бала –бақшасының директоры Ізбасаров Әбіт Мамбетұлы басқарды . 2015-2016 жылары Құрман орта мектебі директоры Жолдыбаева Дана Саубаевна ,2016-2025 жыл Құрман орта мектебі директоры болып Таушанова Нурлыгул Жарылгасиновна басқарды. Мектеп –тек білім беретін орын емес, адамгершілік пен өмірлік бағыт беретін қасиетті шаңырақ. Бұл шаңырақтан талай шәкірттер қанат қағып ұша беретіні сөзсіз. Құрман орта мектебінде 2024-2025 жылдары мектепте 160 оқушы , 2025-2026 оқу жылында мектепте 142 оқушы оқиды Мектеп директоры Омарова Мейрамгул Бактығалиқызы.

Адрес : Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Коптоғай ауылы . Телефон : 74-5-44



Нұрманов Акқайдау (1915 - 1970 ж)
1936-37 жылдар, 1957-1958 жылдар аралығында мектеп директоры



Рысмағанбетов Жолдығали.(1901-)
1937-1938 жыл аралығында жетіжылдық мектептің директоры.



Есенғарин Сағын

1969 ж-1972 жылдар аралығында Құрманов орта мектебінде директор қызметін атқарған.



Ержанов Мінсізбай (1929-1982)

1972 ж-1977 жылдар аралығында Құрманов орта мектебінде директор қызметін атқарған.



Қалауов Нұрлыбек

1977-1987 оқу жылындарында Құрманов орта мектебінің директор қызметін атқарған.



Тәжиев Орак

1968 - 1969 жыл Құрман орта мектебінің директоры.



Ізбасаров Әбіт Мәмбетұлы
2004-2009 оқу жылында Құрман мектеп - бала бақшасының
директоры қызметін атқарған.



Нұғманова Гүлжамал Аққайдауқызы
1987 ж – 2002ж Құрманов орта мектебінде директор қызметін атқарған.
1983 ж « Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері »,
Қазақ ССР халыққа білім беру министрлігінің «Құрмет грамотасымен»
марапатталған .
Республика «Жыл директоры -1992» конкурсының лауреаттары.
1992- жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың
жарлығымен «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген халыққа білім
беру қызметкері» құрметті атағына ие болған.



Құрманалин Қадір (1927- 2005)

1955 – 1965 жылдар аралығында Көптоғай жетіжылдық мектеп директоры болып қызмет атқарған.

«Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» значогімен 1962 жылы марапатталған.



Қыстаубаева Ақтоты Тұрғанбайқызы

2002-2004 оқу жылында Құрман мектеп- бала бақшасының директор қызметін атқарған.

Облыстық «Ең үздік мұғалім -2009» грантының иегері